



# Тіл әлемі Мир Языков

Әз Наурыз



## Наурыз құтты болсын!

### ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

**Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!**

**Наурыз – жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы. Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам – береке мен бірліктің, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелтер ұлы мереке.**

**Көпұлтты Қазақстан халқының өз мүмкіндіктеріне деген сенімдері арта түсіп, бай рухани мұралары жарқын болашақ жолындағы жарқын істеріне қуат берсін.**

**Деніңізге саулық, шаңырағыңызға шаттық, отбасыңызға амандық, ырыс пен ынтымақ тілеймін!**

**Ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасы гүлдене берсін!**

**Басқарма төрайымы –  
Ректор, ҚР ҰҒА академигі  
С.С. Құнанбаева**

### Келер Ұлыс оң болсын!

Өкпектеп желкеден қысқан суық қайтып, қыстың аязы сынған шақ, аппақ қар еріп, айнала ерекше жанданып, тіршілік басталған сәт, ол -Наурыздың басталғанын білдіреді. Жер мен көк арасы қыстан аманшыққанына қуанғандай, қырдағы қызғаладақтар еңсесін тіктеп, ағаштар бүршіктене түседі. Халық мәре-сәре күйге түседі. Әлбетте, көктем десе көзіме келер бейне бұл ғана емес. Салтын сақтап, дәстүрін жаңғыртып жатқан қазақ халқы үшін бұл шақ- ұлы мереке, жыл бастауы «Әз-Наурыз» келе жатқанын да аңғартады.

Халқымыз Наурызды жыл басы санап, «Самарқанның көк тасы еріген күн» деп те атайды. Бұл бүкіл табиғат ананың тоңы жібін, жаны кіретін тіршілік басы дегенді білдіреді. Көктемнің күні күлген, бақыт пен тіршілік бастау алар осынау күннің біз үшін де маңызы зор! Бір жылдан екінші жылға, қытымыр қысты артқа тастап жету де бақыт саналатын. Бұл халқымыздың жаңа күнге деген ұмтылысының бір көрінісіндей...

Қашанда қонақжай, пейілі кең халқым, бұл шақта барын салып, сақтағанын асып, қыстай сүрлеген қазысы мен жаясын, құрт-қатығымен, дән-дәнегімен наурыз көжесін жасап, ұлан асыр той жасауды дәстүрге айналдырған.

Ғасырлар бойы тойланып келе жатқан бұл мереке халқымыздың дәстүрлерін

жаңғыртып қана қоймай, барша ұлыстың басын қосатын ұлы той болып саналады. Еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін жиналып, Наурыз көжесінен дәм татып, көрісіп, ақ тілекпен бата беріліп, ел мен жер үшін көптеген жақсы амалдар жасалынады. Халқымызда «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деген аталы сөз босқа айтылмаса керек. Бұл күн ақ тілектер ақтарылып, бата тілектер тіленуімен де ерекше.

Ұлыстың ұлы күнін дәстүрлі тағам - Наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Әрбір шаңырақ қазанын оттан түсірместен ет асып, әжелерім құрт езіп, әкелеріміз бидай ұшырып, бала-шаға, ауыл-аймақ керемет бір абыр-сабыр күйге түседі. Жеті түрлі тағымды қосып әзірленетін бұл тағамның әр қоспасының өзіндік берері бар. Тіршілік көзі – судан бастап, төл тағамымыз саналатын - сүрленген ет, қазы, біраз ауруға шипа: тары, күріш, арпа сияқты түрлі дән-дақылдар және міндетті түрде ақ қосады. Ақ дегеніміз құрт, қатық немесе сүт, айран сияқты сүт өнімдері. Осылайша, бір жылдан екінші жылға аман жеткенін тойлаған халық, наурыз көжесі келген қонаққа молынан құйып, «жаңа келген жылдан несібесі ортаймасын» деген ниетпен таусып ішетін болған.

Қазақ филологиясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к., Оданова С.А.

Жалғасы келесі санда



## Онлайн-круглый стол «SDGs - our common interests» приуроченный к 80-летию КазУМОиМЯ имени Абылай хана

15 марта 2021 года в 11:00 был проведён онлайн-круглый стол по теме: «SDGs - our common interests» приуроченный к 80-летию КазУМОиМЯ имени Абылай хана. В данном мероприятии приняли участие Представитель Департамента глобальных коммуникаций ООН в Алматы - Властимил Самек, Декан ФМО – Хайруллаева В.Х., Зав. Проф. Каф. МО (старшие курсы) - Асхат Г., Зав. каф. «Современной истории Казахстана» Шайморданова З.Д., ППС кафедры, Модератор круглого стола- магистр МО Абдразакова Л.Н.

Студенты 4 курса специальности «Международные отношения» и «Регионоведение» презентовали видеоролики

о важности Целей Устойчивого Развития и их реализации в Казахстане. Исходя из текущей ситуации и уникальности ЦУР, основная задача состоит в обеспечении защиты планеты в единстве трех взаимосвязанных элементов - экономика, общество и окружающая среда. Также на круглом столе д.и.н., профессор З.Д. Шайморданова представила презентацию на тему: «Роль хана Абылая в развитии международных связей Казахского ханства (1711-1781)».

Выражаем огромную благодарность за участие в данном мероприятии господину Самек В.



## Команда InyazTeam удостоилась номинации «Выбор Генерального Консульства США»

С 1 по 7 марта в режиме онлайн проходил грандиозный и масштабный Онлайн Тимбилдинг для выпускников американских программ. В нем приняли участие 20 команд из более 70 человек. До финала дошли 19 команд из 68 человек.

Команды создавали комьюнити, разрабатывали свои проекты, выполняли различные задания, развивали свои навыки и инициировали удивительные коллаборации друг с другом!



Ивент проводился ОФ «КОМУНИТИПЛУС» @komuniti\_plus при финансовой поддержке Дипломатической миссии США в Казахстане - Генерального консульства США в Алматы @uscgalmaty!

В результате участия в Онлайн Тимбилдинге наша команда InyazTeam (Бағлан Мизамхан, Мөлдір Дінәсілова, Саят Мухамедияр) удостоилась номинации «Выбор Генерального Консульства США».




## Курс онлайн лекции профессоров из Японии, Испании и Финляндии в рамках образовательного фонда «Eurasia Foundation (from Asia)»


Несмотря на пандемию COVID-19, которая обрела общепланетарный масштаб, в Университете проводятся множество мероприятий и то, что мир движется в сторону экономики знаний, это реальность. Сегодня мы хотим рассказать об особенностях элективного курса «Единая Азия – Единый Мир», который стартовал с 1 февраля т.г. на выделенный образовательный грант японского фонда «Eurasia Foundation» и опыте образования в век цифровизации, пандемии и ее влияние на мир вокруг нас.

Миссия высших учебных заведений меняется с каждым годом, вместе с ценностями и целями современного общества, с ситуацией на рынке труда и в мире. Студенты нашего университета за эти два месяца прослушали уже 6 лекций зарубежных и отечественных профессоров по культуре, образованию, религии и истории стран Азиатского сообщества, а также по узловым вопросам международных отношений и регионалистики. Основная миссия японского фонда «Eurasia Foundation» - интеграция университетов как долгосрочный проект, социальные взаимодействия, информационные технологии и развитие сотрудничества в области науки, образования и культуры.

Как уже говорил Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев: «Высокое качество человеческого

капитала – основа долгосрочной конкурентоспособности всех государств, включая Казахстан. Нынешние дети и молодежь будут определять рынок труда Казахстана к 2050 году. Именно от их конкурентоспособности зависит благополучие страны в будущем. Важно понимать, что статус молодой нации дает нам долгосрочные преимущества. Нужно правильно ими воспользоваться, проводить последовательную работу по развитию человеческого капитала».





Так 26 февраля 2021 года, провёл великолепную двух часовую онлайн-лекцию на тему «Why Asian Community now?» «Почему нужно азиатское сообщество сейчас?» профессор Chung Joonkon из Японии, он является Вице-президентом фонда «Eurasia Foundation» и ведущим экспертом по международным отношениям. Как будет меняться мир в ближайшие десятилетия? Современный мир, характеризующийся нестабильностью, изменчивостью, быстрой сменой ценностей и информации, заставляют по-новому взглянуть на проблему образования в условиях вызовов современности. Лектор говорил, что переоценка ценностей происходит повсеместно и нас ждёт трансформация образования.

Вместе с тем, профессор Chung Joonkon особо отметил хорошие знания языков и эрудицию наших студентов, а также системность и высокую организацию элективного курса в КазУМОиМЯ имени Аблай хана.

О культурной социализации молодежи в условиях стремительности инновационных изменений в своей гостевой лекции говорила профессор Lopez-Varela Asuncion из Испании 5 марта 2021 года. Профессор Lopez-Varela Asuncion из Complutense University экс-Ректор Мадридского гос. университета, редактор научного журнала, ведущий эксперт Евросоюза. Тема лекции «Межкультурное общение и азиатское сообщество» (Intercultural communication and Asian Community). Она отметила, что образование во всем мире находится как минимум на этапе серьезных изменений. Профессор отметила, что в настоящее время нужны реальные изменения парадигмы обучения, от так называемого компетентностного подхода нужно перейти к личностно-ориентированному. В системе образования, должно быть больше доверия друг к другу, и студентам, и преподавателям, а не тотальный контроль и учёт.

12 марта т.г. прошла лекция профессора Салениус Сирпа из Финляндии на тему «Gender in Eurasia».

СирпаСалениус профессор Университета Восточной Финляндии, возглавляет Департамент иностранных языков и культур. Она с 2003 года преподавала английскую и американскую литературу в американских университетах в рамках программ обучения за рубежом во Флоренции и Риме (Италия). В 2015–16 годах работала доцентом проекта в Токийском университете, Колледж искусств и наук в Центре глобальных коммуникационных стратегий. Сфера научных исследований профессора СирпаСалениус сосредоточены на гендерных вопросах, связанных с расой, полом с девятнадцатого века до наших дней.


В лекциях зарубежных лекторов из Японии, Кореи, Испании и Финляндии даются сравнительный анализ, рассматриваются перспективы дальнейшего развития стран Азиатского сообщества, культурная социализация молодежи в условиях стремительности инновационных изменений. Проводимые гостевые лекции, вызывали большой интерес и резонанс среди наших слушателей элективного курса, связанного с формированием Азиатского сообщества в ближайшем будущем.

Приобретенное знание о специфике и особенностей стран Азиатского сообщества полезно для наших студентов и способствует укреплению единого Азиатского сообщества, частью которого является современный Казахстан.



Управление по международному сотрудничеству  
Әбдіғанпар Т.

## Республиканский онлайн «круглый стол» на тему «Актуальные проблемы современной методологии иноязычного образования»



3 марта 2021 года в 14.30 состоялся республиканский круглый стол на тему «Актуальные проблемы современной методологии иноязычного образования». Данное мероприятие проходило на базе Научно-исследовательской прикладной лабораторий «Модернизация иноязычного образования на основе когнитивно-лингвокультурологической методологии» КазУМОиМЯ имени Абылай хана в рамках программы прохождения научной стажировки магистрантами из Казахского национального женского педагогического университета, Университета дружбы народов имени академика А. Куатбекова, из Университета имени Шакарима города Семей.

Организаторами данного научного мероприятия выступили Факультет и кафедра послевузовского образования, Педагогический факультет иностранных языков, кафедра методики иноязычного образования.

Цель республиканского круглого стола: обсуждение актуальных проблем современной методологии иноязычного образования, обмен научными результатами и исследовательским опытом.

Круглый стол открыли декан ФПО, кандидат политических наук, профессор Байсултанова К.Ш. и доктор педагогических наук, профессор кафедры теоретического и прикладного языковедения КазУМОиМЯ Кунакова К.У. Модератором данного мероприятия выступила Касымбекова М.А., доктор



PhD, руководитель образовательной программы магистратуры «Подготовка педагогов иностранного языка».

В работе республиканского круглого стола принимали участие профессор кафедры послевузовского образования и научные руководители докторских и магистерских диссертаций КазУМОиМЯ имени Абылай хана, магистранты из ведущих вузов Казахстана.

Спикерами круглого стола выступили: магистранты КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Казахского национального женского педагогического университета, Университета дружбы народов имени академика А. Куатбекова. Магистранты КазУМОиМЯ имени Абылай хана Жумагулова Диана Темирлановна представила свой доклад на тему: «Формирование прагматико-репрезентирующей компетенции будущих учителей

иностранного языка с использованием технологии «реша-куча», Касенова Жамиля Муратхановна на тему: «The method of acquiring monologic form of professional-oriented learning by future foreign languages teachers», Акишев Мурагер, подготовил доклад на тему: «Formation of digital competence of future foreign language teachers on the basis of mass open online courses» и др.

Также особый интерес вызвали доклады магистрантов КазНацЖенПУ, Абдраимовой Бану на тему: «The formation of professionally creative competence within digitalization of foreign language education», Болтабековой Ақерке тема доклада: «The development of students' creative

abilities through lexical-stylistic analysis of fiction works», Еркебаевой Гүлназ на тему: «Formation of students' CLIL content compete on the basis of multimedia technology (on Biology speciality)» и др. Магистрант Университета дружбы народов имени академика А. Куатбекова Октябрь Индира выступила с докладом: «Ағылшын тілін үйренуге деген мотивацияны арттыру үшін когнитивтік бейне материалдарды пайдалану».

Молодые исследователи продемонстрировали отличное владение тремя языками, так же профессионально представили промежуточные результаты своих диссертационных исследований.

По итогам данного круглого стола готовится сборник материалов.

**Факультет и кафедра послевузовского образования**

## Студент жастар және «21 ғасыр мәдениеті»



Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – шынайы өмірде білім алушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін қалыптастыру болып табылады. ХХІ ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Жаңаша көзқарастардың дамуы шетел тілін оқытуға ықпалын тигізуде. Білім алушылардың сапалы білім алуына, өмірде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуінде ағылшын тілін жақсы меңгеруінің маңызы үлкен. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды.

үйренуге қызығушылығын арттырумен қатар, өнер мен мәдениет арқылы дүниетанымды кеңейту болып табылады.

1) Бірінші тур - бұл «Викторина», оған әр топтан 2 білімгер қатысып, әр топқа сұрақтар қойылып, жауап беруге уақыт берілді. Егер білімгер дұрыс жауап берген жағдайда, 1 ұпай жеңіп алды. .

2) Екінші тур - еркін таңдау бойынша өнер көрсету. Топтар өздерінің таңдаулары бойынша ән айтып, би билеп немесе музыкалық аспапта ойнап өнер көрсетті және ағылшын тілінде өз ойларын айтып сайысқа түсті..

3) Соңғы турда - топтар дубляж көрсетеді немесе ағылшын тілінде өлең оқиды.



Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіміздің 80 - жылдық мерейтойы қарсаңында, Шет тілдер педагогикалық факультетінде білім алып жатқан студенттермен шет тілін оқыту барысында, студенттердің ағылшын тілін үйренудегі қызығушылықтары мен дағдыларын қалыптастыру мақсатымен онлайн форматта әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соның бірі «21 ғасыр мәдениеті» тақырыбында ағылшын тілінде мәдениеттің әр түрлі салаларын білуге арналған байқау.


Байқаудың мақсаты - студенттердің шет тілін

Байқау соңында жеңіске жеткен топ студенттері арнайы мактау қағаздарымен марапатталды. Іс-шара аясында студенттер өте белсенді қатысып, түрлі қабілеттері дамыған, тілді өте жоғары деңгейде өтті. Болашақта тіл дамытуда және студенттердің өзара қарым-қатынасын нығайтуда көптеген іс-шаралар ұйымдастырылмақ.


Шет тілдер Педагогикалық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары **Жангарбаева С.Г.** Ағылшын тілі практикасы және коммуникация кафедрасының тәрбие ісіне жауапты оқытушы: **Бисариева С.Ш.**

## «Freedom writers» кинофильміне арнайы ұйымдастырылған ағылшын тілінде пікірталас

Қазіргі таңда шет тілін оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері мен технологиялары студенттердің тілге деген қызығушылықтары мен дағдыларын қалыптастыру жолында, оқыту процесінің қоғамға сай дамуына және үлкен жетістіктерге жетуіне зор үлесін қосуда. Әлемде орын алған пандемияға баланысты, оқыту процесінің онлайн жүйеге көшуі, студенттердің және мұғалімдердің өзара сабақ барысында немесе сабақтан тыс қарым-қатынасына үлкен әсерін тигізуде. Оқу процесіндегі желі байланысының қиындықтары мен әр түрлі техникалық ақауларға қарамастан, онлайн жүйеде жұмыс жасау барлық білімгерлердің заманауи технологияларды пайдалану дағдысын қалыптастырып қана қоймай, сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда және студенттердің өзара қарым-қатынасын дамытуда көптеген жеңілдіктер мен жаңалықтар енгізіп келеді.




Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері университетінің, шет тілдер педагогикалық факультетінде білім алып жатқан 1-курс студенттерімен шет тілін оқыту (ағылшын тілі) барысында, студенттердің тіл үйренудегі қызығушылықтары мен дағдыларын қалыптастыру мақсатымен онлайн форматта әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.




Соның бірі - «Freedom writers» атты кинофильміне жоспарланған ағылшын тілінде арнайы пікірталас онлайн форматта өткізілді.

Ұйымдастырылған пікірталастың басты мақсаты – студенттердің кинофильмдерді ағылшын тілінде көру арқылы тыңдау қабілеттерін дамыта отырып, арнайы сабақ барысында фильмді өз ойларымен ағылшын тілінде талқылау әрі талдау, олардың сөйлеу дағдысы мен студенттермен өзара қарым-қатынасын дамыту болып табылады.




Пікірталас барысында, студенттер белсенді қатыса отырып, өздерінің кинофильмге байланысты ойларын ортаға салып, бірнеше сұрақтарға жауап берді. Сабақ арнайы топ старосталарының жүргізуімен жүзеге асқандықтан, олар өздерінің топ студенттеріне әр түрлі сыни сұрақтармен қатар, кішігірім ойындар мен топтар арасында жарыс ұйымдастырылды.



Жалпы іс-шараны қорытындылай келе, студенттер өте белсенді әрі талдау қабілеттері дамыған, тілді жетік меңгерген жеке тұлға ретінде өздерін көрсетті. Фильмдерді ағылшын тілінде көру арқылы, тілді дамытудың маңызы зор екені анықталды. Болашақта тіл дамытуда және студенттердің өзара қарым-қатынасын нығайтуда көптеген іс-шаралар ұйымдастырылмқ.

*Сөйлеу практикасы және коммуникация кафедрасының оқытушылар ұжымы атынан  
Ахмет Замира К.*

# «Қазақ жастарына – Асыл қазына қара сөз»



Қазақ жастарына – Асыл қазына қара сөз! Осындай тақырыпта наурыз айының 15-жұлдызында жастар тәрбиесіне зор көңіл бөлетін қара шаңырағымыз Аблай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің, Рухани жаңғыру қоғамдық даму орталығының басшысы Сержанов Бауыржан Ерланұлының ұйымдастыруымен руханиятқа толы онлайн кездесу өтті. Аталмыш кездесудің қадірлі қонақтары ретінде халқ өнерінің қара шаңырағына айналған «М.О.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының» белгілі актері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Толғанбай Жалғас Қонысбайұлы мен театр және кино актрисасы Түтова Гүлшат Әбсаттарқызы риясыз сұхбат жүргізді. Кездесу барысында қымбатты қонақтарымыз жастар мен университет ұстаздарының көкейкесті, өзекті сұрақтарына жауап беріп, қызықты оқиғаларымен бөлісіп, жастарға берер

ақыл-кеңестерін айтты. Сондай-ақ жастарға уақытты тиімді де пайдалы етіп өткізуге үлес қосқан бұл онлайн-кездесуде қазіргі замандағы өзекті тақырыптар жөнінде сөз етіліп, тіл мәселесін, білім мен мәдениет хақында және жастар болашағы турасында кеңінен әңгіме қозғалды. Ұлттық өнер, қара сөз құдіреті мен Абай мұралары кеңінен насихатталып, тіпті бас ақынымыздың әні де шырқалды.

Осылайша тағылымы мен тәлімі мол кездесуіміз жүзбе-жүз өтпеседе, жүректерге жетіп, қатысушыларға керемет естеліктер қалдырды. Осындай ерекше форматта өткен онлайн-кездесу жастарымыздың ұлттық мұраларымызды дәріптеуге, ана тілін құрметтеуге және жарқын болашаққа деген сенімділікті арттыруға көмектеседі деген сенімдеміз!

Сержанов Б.Е.,  
Егенбаев Д.

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ  
Құрметті студенттер және оқытушылар мен профессорлар құрамы!  
Сіздерді 15.03.2021 жылы сағат 12:00 де өтетін  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кино және театр актеры Жалғас Қонысбайұлы Толғанбай және "Театр көктемі – 2007", "Театр көктемі-2011" және қойылымдарының театр фестивалінің лауреаты Гүлшат Түтованың қатысуымен «Қазақ жастарына - Асыл мұра қара сөз» атты онлайн кездесуі кешіне қатысуға шақырамыз.

ZOOM: 908 287 1483  
Код: 125125

**Общая редакция** – Ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, академик НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

**Главный редактор** – проректор по УМР, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА.

**Ответственный редактор** – проректор по СВиВР Т.В. СЕРЕЖКИНА.

**Редакционная коллегия:** – начальник издательства Б.А. ЕСЕНГАЛИЕВА, дизайн-верстка КЫНЫРБЕКОВ Б.С.

**Учредитель** – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков» имени Абылай хана

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации РК. Свидетельство № 497 от 25 апреля 1997 г.

Подписано в печать: 18.03.2021 г. Заказ № 1079. Тираж 200 экз. Отпечатано в издательстве «Полилингва»

АО КазУМОиМЯ имени Абылай хана, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200. Тел.: 292-44-60